

PHILIPS

Құлаққап

8000 қатары

TAT8506



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:

www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
	Есту қауіпсіздігі	2
	Жалпы ақпарат	2
2	Шынымен сымсыз құлаққаптар	3
	Қораптағы заттар	3
	Басқа құрылғылар	3
	Шынымен сымсыз құлаққаптарды шолу	4
3	Іске кірісу	5
	Батареяны зарядтау	5
	Тағу әдісі	6
	Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру	6
	Құлаққаптарды басқа Bluetooth құрылғысымен жұптастыру	7
4	Құлаққаптарды қолдану	8
	Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысына жалғау	8
	ANC функциясын басқару (шуды белсенді басу)	8
	Қуатты қосу/өшіру	9
	Қоңырауларды және музыканы басқару	9
	Дауысты көмекші	9
	Дауысты көмекші функциясын қолдану (Google қолданбасы арқылы)	9
	Құлаққаптардың/зарядтау қорапшасының ЖШД индикаторының күйі	10
5	Құлаққаптарды бастапқы қалпына келтіру	11
6	Техникалық деректер	11
7	Құлақтандыру	12
	Сәйкестік мәлімдемесі	12
	Ескі өнімді және батареяны қоқысқа тастау	12
	Ішкі батареяны шешіп алу	12
	ЭМӨ талаптарына сәйкестік	13
	Қоршаған ортаға қатысты ақпарат	13
	Сәйкестік туралы құлақтандыру	13
8	Сауда белгілері	15
9	Жиі қойылатын сұрақтар	16

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Есту қауіпсіздігі



Қауіп

- Есту мүшесіне зақым келмеуі үшін құлаққапты жоғары дыбыс деңгейімен қолдану уақытын шектеңіз және дыбыс деңгейін қауіпсіз мәнге орнатыңыз. Дыбыс деңгейі неғұрлым жоғары болса, қауіпсіз тыңдау уақыты соғұрлым қысқа болады.

Құлаққапты қолданған кезде, мына нұсқауларды сақтаңыз.

- Қысынды дыбыс деңгейімен шамадан аспайтын уақыт тыңдаңыз.
- Құлағыңыз үйреніп кеткен сайын, дыбыс деңгейін жоғарылата бермеңіз.
- Дыбыс деңгейін айналаңызды ести алмайтын деңгейге дейін жоғарылатпаңыз.
- Қауіп төнуі мүмкін жағдайларда абайлап қолдану немесе қолдануды уақытша тоқтату қажет.
- Құлаққаптардың және құлаққаптың шамадан тыс дыбыс қысымы керемдікке себеп болуы мүмкін.
- Құлаққапты екі құлақты да жауып қолданған дұрыс емес және ол кейбір аймақтарда заңсыз болуы мүмкін.
- Жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жолда немесе басқа қауіпті болуы мүмкін орталарда музыкаға немесе телефон қоңырауларына назарыңызды бөліп жіберуіне мүмкіндік бермеңіз.

Жалпы ақпарат

Зақым келмеуі немесе істен шығарып алмау үшін:



Сақ болыңыз

- Құлаққапқа шамадан тыс жылудың әсер етуіне мүмкіндік беруге болмайды.
- Құлаққапты жерге түсіріп алмау керек.
- Құлаққапқа сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды. (Тиісті өнімнің IP көрсеткішін қараңыз)
- Құлаққапты суға салуға болмайды.
- Коннектор немесе ұя су болғанда құлаққапты зарядтамаңыз.
- Құрамында спирт, аммиак, бензол немесе абразивті заттар бар тазартқыш заттарды қолдануға болмайды.
- Өнімді тазалау керек болса, қажетінше сумен немесе сұйылтылған жұмсақ сабынды сумен аздап қана суланған жұмсақ шүберекпен сүртiңiз.
- Iшкi батареяға күн сәулесi, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу көздерiнiң әсер етуiне мүмкiндiк бермеу керек.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса, жарылу қаупi туындайды. Ауыстырған кезде, дәл сондай батареяны немесе баламасын салыңыз.
- Белгiлi бiр IP көрсеткiшiне қол жеткiзу үшiн зарядтау ұясының қапқағы жабық болуы тиiс.
- Батареяны отқа немесе ыстық пешке тастау, мыжу немесе кесу жарылысқа себеп болуы мүмкiн.
- Батарея температурасы өте жоғары жерде қалдырылса, ол жарылуы немесе тұтанғыш сұйықтық не газ шығуы мүмкiн.
- Батареяны отқа немесе ыстық пешке тастау, мыжу немесе кесу жарылысқа себеп болуы мүмкiн.
- Батарея ауа қысымы өте төмен жерде қалдырылса, ол жарылуы немесе тұтанғыш сұйықтық не газ шығуы мүмкiн.

Қолдану және сақтау температуралары мен ылғалдығы

- Температурасы -20°C (-4°F) және 50°C (122°F) аралығындағы, салыстырмалы ылғалдық 90%-дан аспайтын жерде сақтау керек.
- Температурасы 0°C (32°F) және 45°C (113°F) аралығындағы, салыстырмалы ылғалдық 90%-дан аспайтын жерде қолдану керек.
- Температура одан жоғары не төмен болған жағдайда батареяның қызмет ету мерзімі қысқаруы мүмкін.
- Батарея түрі сәйкес келмейтін басқа батареяға ауыстырылған кезде, құлаққаптарға және батареяға қатты зақым келуі мүмкін (мысалы, кейбір литий батарея түрлері).

2 Шынымен СЫМСЫЗ құлаққаптар

Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өніміңізді мына сайтта тіркеңіз: www.philips.com/support.

Осы шынымен сымсыз Philips құлаққаптарымен мына мүмкіндіктерге қол жеткізесіз:

- сымсыз хендсфри режимінде қоңырау шалу және қабылдау
- сымсыз режимде музыка тыңдау және оны басқару
- қоңыраулар мен музыка арасында ауысу

Қораптағы заттар




Шынымен сымсыз Philips TAT8506 құлаққаптары



Comply™ көбік саптамалары
x 1 жұп



Силикон саптамалар x 6 жұп



USB-C зарядтау кабелі
(тек зарядтауға арналған)



Қысқаша нұсқаулық



Халықаралық кепілдік






Қауіпсіздік парақшасы

Басқа құрылғылар

Bluetooth функциясын қолдайтын және құлаққаптармен үйлесімді мобильді телефон немесе құрылғы (мысалы, ноутбук, планшет, Bluetooth адаптерлері, MP3 ойнатқыштары, т.б.).

Шынымен сымсыз құлаққаптарды шолу



- ① Көп функциялы сенсор (MFT)
- ② ЖШД индикаторы (BT арқылы жұптастыру және зауыттық параметрлерді қалпына келтіру)
- ③ ЖШД индикаторы (құлаққаптар)
- ④ Bluetooth арқылы жұптастыру түймесі
- ⑤ ЖШД индикаторы (батарея күйі немесе зарядтау күйі)
- ⑥ USB-C зарядтау ұясы

3 Іске кірісу


Батарейаны зарядтау

Ескертпе

- Құлаққаптарды қолданудан бұрын, батарея көлемі және қызмет ету мерзімі оңтайлы болуы үшін оларды зарядтау қорапшасына салып, батареяны 2 сағат зарядтаңыз.
- Қандай да бір зақым келтіріп алмау үшін түпнұсқалы USB-C зарядтау кабелін ғана қолданыңыз.
- Зарядтаудан бұрын қоңырауды аяқтаңыз. Құлаққаптар зарядтау үшін жалғаған кезде, олар өшіріледі.

Зарядтау қорапшасы

USB-C кабелінің бір жағын зарядтау қорапшасына, ал екінші жағын қуат көзіне жалғаңыз.




Ақыл-кеңес

- Зарядтау қорапшасы құлаққаптарды зарядтауға арналған тасымалы қосалқы батарея рөлін атқарады. Зарядтау қорапшасы толығымен зарядталған кезде, ол құлаққаптарды 3 рет толығымен қайта зарядтай алады.

Құлаққаптар

Құлаққаптарды зарядтау қорапшасына салыңыз.

- Құлаққаптар зарядтала бастайды және көк ЖШД шамы жанады
- Құлаққаптар толығымен зарядталған кезде, көк шам сөнеді



Ақыл-кеңес

- Әдетте USB кабелі арқылы толық зарядталуға 2 сағат кетеді (құлаққаптар немесе зарядтау қорапшасы үшін).

Сымсыз зарядтау

(Сымсыз зарядтағыш бірге берілмейді)


Зарядтау қорапшасында сымсыз зарядтау катушқасы бар. Батарейаны сымсыз зарядтағышпен немесе сымсыз зарядтағыш ретінде жұмыс істейтін басқа құрылғымен зарядтауға болады.

Сақ болыңыз

- Сымсыз зарядтауға қатысты сақтық шаралары
- Зарядтау қорапшасы мен сымсыз зарядтағыш арасында металл заттар мен магниттер сияқты өткізгіш материалдар болса, зарядтау қорапшасын сымсыз зарядтағышқа қоймаңыз.
- Зарядтау қорапшасын жоғары температурадан және су көздерінен аулақ ұстаңыз. Зарядтау кезінде қорапша жылуы мүмкін. Бұл — әдеттегі жағдай.

Батарейаны сымсыз зарядтағышпен зарядтау.

- Құлаққаптарды зарядтау қорапшасына салыңыз
- Зарядтау қорапшасының қақпағын жабыңыз
- Зарядтау қорапшасын сымсыз зарядтағыштың ортасына орналастырыңыз
- Толық зарядтаған кезде, зарядтау қорапшасын сымсыз зарядтағыштан алыңыз



Ақыл-кеңес


- Сымсыз зарядтаған жағдайда, толық зарядталуға 4 сағат кетеді.

Тағу әдісі

Оңтайлы тағу үшін үйлесімді саптамаларды таңдаңыз


Нық, мықтап тағылған жағдайда, ең жоғары дыбыс сапасы және шуды басу деңгейі қамтамасыз етіледі.

- 1 Ең жақсы дыбыс сапасын және тағу ыңғайлылығын қамтамасыз ететін саптаманы табу үшін сынап көріңіз.
- 2 2 Comply™ көбік саптамасы және силикон саптамаларының басқа 5 өлшемі беріледі: аса үлкен, үлкен, орташа, кіші және аса кіші.




Құлаққаптарды тығу

- 1 Құлаққаптардың сол немесе оң бағдарын тексеріңіз.
- 2 Құлаққаптарды құлақтарыңызға тығып, мықтап тағылғанша сәл бұраңыз.



Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру

- 1 Құлаққаптар толығымен зарядталғанына және өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- 2 Зарядтау қорапшасының қақпағын ашыңыз. Жұптастыру түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз.



- ↳ Құлаққаптардағы ЖШД индикаторлары ақ және көк түспен кезек-кезек жыпылықтайды
- ↳ Құлаққаптар осы кезде жұптастыру режиміне өтіп, Bluetooth құрылғысымен (мобильді телефонмен) жұптастырылуға дайын тұрады

- 1 Bluetooth құрылғысының Bluetooth функциясын қосыңыз.
- 2 Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен жұптастырыңыз. Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Ескертпе

- Қуаты қосылғаннан кейін құлаққаптар бұрын жалғанған ешбір Bluetooth құрылғысын таба алмаса, олар автоматты түрде жұптастыру режиміне өтеді.

Төмендегі мысалда құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен жұптастыру жолы көрсетілген.

- 1 Bluetooth құрылғысының Bluetooth функциясын қосып, мынаны таңдаңыз: **Philips TAT8506**.
- 2 Сұралған жағдайда «0000» (4 нөл) құлаққап құпиясөзін енгізіңіз. Bluetooth 3.0 немесе одан кейінгі нұсқаны қолдайтын құрылғыларда құпиясөзді енгізу қажет емес.



Philips TAT8506

Бір құлаққап (моно режимі)

Моно режимде қолдану үшін оң немесе сол құлаққапты зарядтау қорапшасынан шығарыңыз. Құлаққап автоматты түрде қосылады. Құлаққаптардан «Power on» (қосылу) деген дауыстық хабарлама естіледі.

Ескертпе

- Екінші құлаққапты зарядтау қорапшасынан шығарыңыз, сол кезде олар бір-бірімен автоматты түрде жұптасады.

Құлаққаптарды басқа Bluetooth құрылғысымен жұптастыру

Құлаққаптарға басқа Bluetooth құрылғысын жұптастырғыңыз келсе, оларды жай ғана жұптастыру режиміне қойыңыз (екі құлаққап қорапша ішінде тұрғанда және қақпақ ашық тұрғанда, қорапшадағы түймені 3 секунд басып тұрыңыз), одан кейін әдеттегідей жұптастырған кездегідей екінші құрылғыны табыңыз.

Ескертпе

- Құлаққаптар жадында 4 құрылғыны сақтайды. 4-тен көп құрылғыны жұптастыруға әрекет жасасаңыз, олардың ішіндегі ең алғашқы болып жұптастырылған құрылғы жаңа құрылғыға алмастырылады.

4 Құлаққаптарды қолдану

Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысына жалғау

- 1 Bluetooth құрылғысының Bluetooth функциясын қосыңыз.
- 2 Зарядтау қорапшасының қақпағын ашыңыз.
 - ↳ Көк ЖШД жыпылықтайды.
 - ↳ Құлаққаптар соңғы жалғанған Bluetooth құрылғысын іздейді де, оған автоматты түрде жалғанады. Ең соңғы жалғанған құрылғы қолжетімді болмаса, құлаққаптар ең соңғының алдындағы құрылғыны іздеп, соған қайта жалғанады.



Ақыл-кеңес

- Bluetooth құрылғысының Bluetooth функциясын құлаққаптарды қосқаннан кейін іске қоссаңыз, құрылғының Bluetooth мәзіріне кіріп, құлаққаптарды құрылғыға қолмен жалғау қажет болады.



Ескертпе


- Құлаққаптар 3 минут ішінде кез келген Bluetooth құрылғысына жалғанбаса, олар батареяны үнемдеу үшін автоматты түрде өшеді.
- Кейбір Bluetooth құрылғыларымен жалғану автоматты түрде орындалмауы мүмкін. Мұндай жағдайда құрылғыңыздың Bluetooth мәзіріне кіріп, құлаққаптарды Bluetooth құрылғысына қолмен жалғаңыз.
- Bluetooth байланысы орнатылып тұрғанда да 60 мин ішінде ешқандай сигнал (музыка/қоңырау) қабылданбаса, батареяның қызмет ету мерзімін үнемдеу үшін құлаққаптар автоматты түрде өшеді.

ANC функциясын басқару (шуды белсенді басу)

ANC функциясын қосу

Оң құлаққапты екі рет тұрту арқылы әр түрлі ANC режимдерін ауыстырып қосуға болады.

- ANC функциясы құлаққап құлаққа тығылған кезде автоматты түрде іске қосылады
- MFT түймесін екі рет түртіңіз, сол кезде ол сезу режиміне ауысады
- MFT түймесін қайтадан екі рет түртіңіз, сол кезде ANC функциясы өшеді



Ақыл-кеңес

- Құлаққаптарды шешкен кезде, автоматты түрде ұйқы режимі іске қосылады. Құлаққаптарды қайтадан таққан кезде, олар белсенді режимге оралады.

Қызмет	MFT	Әрекет
ANC қосулы	Оң құлаққап	Екі рет тұрту
Сезу режимі	Оң құлаққап	Екі рет тұрту
ANC өшірулі	Оң құлаққап	Екі рет тұрту
Жылдам сезу	Оң құлаққап	Сигнал берілгеннен кейін түртіп тұра беріңіз

Қуатты қосу/өшіру

Қызмет	MFT	Әрекет
Құлаққаптарды қосу		Қосу үшін құлаққаптарды зарядтау қорапшасынан шығару
Құлаққаптарды өшіру		Өшіру үшін құлаққаптарды зарядтау қорапшасына қайта салу

Қоңырауларды және музыканы басқару

Музыканы басқару

Қызмет	MFT	Әрекет
Музыканы ойнату немесе кідірту	Оң құлаққап	1 секунд тұртіп, ұстап тұру
Келесі әуен	Оң құлаққап	Үш рет тұрту
Дыбыс деңгейін +/- реттеу		Мобильді телефонның басқару құралы арқылы

Қоңырауларды басқару

Қызмет	MFT	Әрекет
Тұтқаны көтеру/қоңырау кезінде қоңырау шалушыны ауыстыру	Оң құлаққап	Екі рет тұрту
Тұтқаны қою/қоңырауды қабылдамау	Оң құлаққап	1 секунд тұртіп, ұстап тұру

Дауысты көмекші

Қызмет	Түйме	Әрекет
Дауысты көмекшіні (Siri/Google) іске қосу	Сол құлаққап	2 секунд тұртіп, ұстап тұру
Дауысты көмекшіні тоқтату	Сол құлаққап	Бір рет тұрту

Дауысты көмекші функциясын қолдану (Google қолданбасы арқылы)

Осы функцияны қолданудан бұрын, Android смартфонына Google қолданбасын орнатыңыз.

Ескертпе

- Қолданбаның ең соңғы нұсқасы қажет болуы мүмкін.
- Google қолданбасы туралы мәлімет алу үшін Android смартфонның пайдалану нұсқауларын немесе қолдау көрсету вебсайтын немесе Google Play дүкенінің вебсайтын қараңыз.
- Google қолданбасы Android смартфонның сипаттамаларына байланысты құлаққаптардан іске қосылмауы мүмкін.

Қызмет	Көп функциялы сенсор	Әрекет
Google дауысты көмекшісін іске қосу	Сол құлаққап	Тұртіп тұра беріңіз
Google дауысты көмекшісін өшіру	Сол құлаққап	Бір рет тұрту
Хабарландыруды тыңдау	Сол құлаққап	Екі рет тұрту

Құлаққаптардың ЖШД индикаторының күйі

Құлаққаптардың күйі	Индикатор
Құлаққаптар Bluetooth құрылғысына жалғанып тұр	Ақ ЖШД 5 секунд сайын жыпылықтайды
Құлаққаптар жұптастыруға дайын	ЖШД көк және ақ түспен кезек-кезек жыпылықтайды
Құлаққаптар қосылып тұр, бірақ ешқандай Bluetooth құрылғысына жалғанып тұрған жоқ	Ақ ЖШД секунд сайын жыпылықтайды (3 минут кейін автоматты түрде сөнеді)
Батарея заряды аз (құлаққаптар)	Көк ЖШД 5 секунд сайын 2 рет жыпылықтайды
Батарея толығымен зарядталған (зарядтау қорапшасы)	Қаптың ЖШД индикаторын қараңыз

Зарядтау қорапшасының ЖШД индикаторының күйі

Зарядталып жатқан кезде	Индикатор
Батарея заряды аз	Ашық сары ЖШД жанады
Салыстырмалы тиісті батарея	Ақ ЖШД жанады
Қолданылып жатыр және қақпақ ашық	Индикатор
Батарея заряды аз	Ашық сары түспен 4 цикл баяу жыпылықтайды
Салыстырмалы жеткілікті батарея	Өшірулі

5 Құлаққаптарды бастапқы қалпына келтіру

6 Техникалық деректер

Кез келген жұптастыру немесе жалғау мәселесі туындаса, төмендегі процедураны орындап, құлаққаптарды зауыттық әдепкі параметрлеріне қалпына келтіруге болады.

- 1 Bluetooth құрылғысында Bluetooth мәзіріне кіріп, құрылғылар тізімінен Philips TAT8506 құрылғысын алып тастаңыз.
- 2 Bluetooth құрылғысының Bluetooth функциясын өшіріңіз.
- 3 Құлаққаптарды зарядтау қорапшасына қайта салып, қақпақты ашыңыз.
- 4 Қорапшадағы түймені екі рет басыңыз.
- 5 «Құлаққаптарды қолдану – құлаққаптарды Bluetooth құрылғысына жалғау» бөліміндегі қадамдарды орындаңыз.
- 6 Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен жұптастырып, мынаны таңдаңыз: **Philips TAT8506**.

Құлаққаптар әрекет етпесе, олардың жабдығын бастапқы қалпына келтіру үшін төмендегі қадамдарды орындауға болады.

- Көп функциялы сенсорды 10 секунд түртіп, ұстап тұрыңыз.

- Музыка ойнату уақыты (ANC қосулы): 8 + 24 сағат
- Музыка ойнату уақыты (ANC өшірулі): 9 + 27 сағат
- Күту режиміндегі уақыт: 200 сағат
- Зарядтау уақыты: 2 сағат
- Өр құлаққапта 55 мА·сағ литий-ион батареясы, зарядтау қорапшасында 600 мА·сағ литий-ион батареясы
- Bluetooth нұсқасы: 5.2
- Үйлесімді Bluetooth профилдері:
 - HFP (хендсфри профилі)
 - A2DP (жетілдірілген аудио тарату профилі)
 - AVRCP (аудио мен бейнені қашықтан басқару профилі)
- Қолдау көрсетілетін аудио кодектері: LDAC, AAC, SBC
- Жілік ауқымы: 2,402–2,480 ГГц
- Таратқыш қуаты: < 10 дБм
- Жұмыс ауқымы: 10 метрге дейін (33 фут)
- Автоматты түрде өшу
- Зарядтауға арналған USB-C порты
- Сымсыз зарядтау
- Батарея заряды аз екені туралы ескерту: қолжетімді



Ескертпе

- Сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

7 Құлақтандыру

Сәйкестік мәлімдемесі

Осы құжатпен MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көруге болады: www.p4c.philips.com.

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа тастау



Бұл өнім жоғары сапалы материалдар мен құрамдас бөліктерді қолдана отырып жобаланған және өндірілген, оларды қайта өңдеуге және қайта қолдануға болады.



Өнімдегі осы таңба ол 2012/19/EU Еуропа директивасында қамтылғанын білдіреді.




Бұл таңба өнімде 2013/56/EU Еуропа директивасы қамтитын, әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтын ішкі қайта зарядталатын батарея бар екенін білдіреді. Қайта зарядталатын батареяны маман шешіп алуы үшін осы өнімді ресми жинау пунктіне немесе Philips қызмет көрсету орталығына апаруға қатаң кеңес береміз. Электр және электрондық өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды бөлек жинайтын жергілікті жүйе туралы мәлімет іздестіріңіз. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді және қайта зарядталатын батареяларды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды дұрыс қоқысқа тастау арқасында қоршаған орта мен адам денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алуға көмектесуге болады.


Ішкі батареяны шешіп алу

Еліңізде электрондық өнімдерді жинау/қайта өңдеу жүйесі болмаса, құлаққаптарды қоқысқа тастаудан бұрын, батареяны шешіп алып, оны қайта өңдеуге тапсыру арқылы қоршаған ортаны қорғай аласыз.

- Батареяны шешіп алудан бұрын, құлаққаптар зарядтау қорапшасынан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



- Батареяны шешіп алудан бұрын, зарядтау қорапшасы USB зарядтау кабелінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



ЭМӨ талаптарына сәйкестік

Осы өнім электрмагниттік өрістердің әсер етуіне қатысты барлық тиісті стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.

Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Қажетсіз қаптама материалдарын қолданбаймыз. Қаптаманы үш материалға бөлуді жеңілдетуге тырыстық: картон (қорап), көбікполистирол (аралық қабат) және полиэтилен (қаптар, қорғайтын көбік материал).

Жүйеңіз мамандырылған компания бөлшектеген жағдайда қайта өңдеуге және қайта қолдануға болатын материалдардан тұрады. Қаптама материалдарын, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Сәйкестік туралы құлақтандыру

Құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс:

- 1. Осы құрылғы зиянды кедергі жасамауы тиіс және**
- 2. Осы құрылғы түскен кез келген кедергіні, оның ішінде жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс.**

FCC ережелері

Осы жабдық сынақтардан өткізіліп, FCC ережелерінің 15-бөлімінде көрсетілген В сыныбындағы цифрлық құрылғыға қойылатын шектеулерге сәйкес келетіні анықталған. Осы шектеулер тұрғын жерлерде зиянды кедергіден қисынды деңгейдегі қорғанысты қамтамасыз ету үшін белгіленген. Осы жабдық радиожилілік қуатты түзеді, қолданады және шығаруы мүмкін, сондықтан нұсқаулыққа сәйкес орнатылмаған және қолданылмаған жағдайда, радио байланысқа зиянды кедергі жасауы мүмкін.

Дегенмен белгілі бір жағдайларда кедергі болмайтынына кепілдік берілмейді.

Осы жабдық қабылданатын радио немесе теледидар сигналдарына зиянды кедергі жасаса (оны өнімді өшіріп-қосу арқылы тексеруге болады), пайдаланушы төмендегі шаралардың біреуін немесе бірнешесін қолдану арқылы кедергіні жоюға әрекет жасағаны жөн:

- Қабылдағыш антеннаның бағдарын өзгерту немесе оны басқа жерге қою
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру.
- Жабдықты қабылдағыш жалғанып тұрған электр тізбектен басқа тізбектегі розеткаға жалғау
- Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұрау

АҚШ Федералдық байланыс комиссиясының (FCC) сәулелену әсеріне қоятын талаптарына қатысты мәлімдеме:

Осы жабдық FCC ұйымының бақыланбайтын орталардағы сәулелену әсеріне қоятын шектеулеріне сәйкес келеді. Осы таратқышты кез келген басқа антеннамен немесе таратқышпен бір жерге орналастыруға немесе бірге жұмыс істетуге болмайды.

Сақ болыңыз: Пайдаланушыға сәйкестікке жауапты тарап анық растамаған өзгертулерді енгізу пайдаланушының жабдықты қолдану құқығын жоюы мүмкін екені туралы ескертіледі.

Канада:

Осы құрылғыда Канада Инновация, ғылым және экономикалық даму министрлігінің лицензия талап етілмейтін RSS стандарттарына сәйкес келетін лицензия талап етілмейтін таратқыш(тар)/қабылдағыш(тар) бар. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс: (1) Осы құрылғы кедергі жасамауы тиіс. (2) Осы құрылғы кез келген кедергіні, оның ішінде құрылғы жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс.

**Канада Өнеркәсіп министрлігінің
сәулелену әсеріне қоятын
талаптарына қатысты мәлімдеме:**

Осы жабдық Канаданың бақыланбайтын орталардағы сәулелену әсеріне қоятын шектеулеріне сәйкес келеді.

Осы таратқышты кез келген басқа антеннамен немесе таратқышпен бір жерге орналастыруға немесе бірге жұмыс істетуге болмайды.

8 Сауда белгілері

Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері — Bluetooth SIG, Inc. компаниясының меншігіндегі тіркелген сауда белгілер және MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы мұндай белгілерді кез келген жерде лицензия бойынша қолданады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары тиісті иелерінің жеке меншігінде.

Siri

Siri — Apple Inc. компаниясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгісі.

Google

Google және Google Play — Google LLC. компаниясының сауда белгілері.

9 Жиі қойылатын сұрақтар

Bluetooth құлаққаптары қосылмайды.

Батарея заряды аз. Құлаққаптарды зарядтаңыз.

Bluetooth құлаққаптарын Bluetooth құрылғысымен жұптастыру мүмкін емес.

Bluetooth функциясы өшірілген. Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын іске қосып, Bluetooth құрылғысын құлаққаптардан бұрын қосыңыз.

Жұптастыру жұмыс істемейді.

- Құлаққаптардың екеуін де зарядтау қорапшасына салыңыз.
- Бұрын жалғанған барлық Bluetooth құрылғыларының Bluetooth функциясын өшіргеніңізге көз жеткізіңіз.
- Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth тізімінен «Philips TAT8506» құрылғысын жойыңыз.
- Құлаққаптарды жұптастырыңыз (6-беттегі «Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру» бөлімін қараңыз).

Bluetooth құрылғысы құлаққаптарды таппайды.

- Құлаққаптар одан бұрын жұптастырылған құрылғыға жалғанып тұруы мүмкін. Жалғанған құрылғыны өшіріңіз немесе сигнал ауқымынан тыс жерге апарыңыз.
- Жұптастыру бастапқы қалпына келтірілген болуы мүмкін немесе құлаққаптар бұрын басқа құрылғымен жұптастырылған болуы мүмкін. Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғандай қайта жұптастырыңыз. (6-беттегі «Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру» бөлімін қараңыз).

Bluetooth құлаққаптары Bluetooth стерео функциясы қосылған мобильді телефонға жалғанып тұр, бірақ музыка тек мобильді телефон динамигi арқылы ойнатылады.

Мобильді телефонның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Музыканы құлаққаптар арқылы тындауды таңдаңыз.

Аудио сапасы нашар және шыртылдаған шу естіледі.

- Bluetooth құрылғысы сигнал ауқымынан тыс жерде. Құлаққаптар мен Bluetooth құрылғысының арасындағы қашықтықты азайтыңыз немесе олардың арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.
- Құлаққаптарды зарядтаңыз.

Мобильді телефоннан ағынмен таратқан кезде, аудио сапасы нашар болады, баяу жұмыс істейді немесе ағын мүлде жұмыс істемейді.

Мобильді телефон (моно) HSP/HFP профилін ғана емес, A2DP профилін де қолдайтынына және BT4.0x (не одан кейінгі) нұсқасымен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз (11-беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).



ҚОЛДАНБАНЫ ЖҮКТЕП АЛУ
QR кодын сканерлеп/«Жүктеп алу» түймесін басыңыз немесе Apple App Store не Google Play дүкенінен «Philips Headphones» сөз тіркесін іздеп, қолданбаны жүктеп алыңыз.



2021 © MMD Hong Kong Holding Limited. Барлық құқықтар қорғалған. Сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Philips және Philips қалқан эмблемасы — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және олар лицензия бойынша қолданылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндірген және соның жауапкершілігімен сатылады, сондай-ақ MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнімнің кепілгері ретінде әрекет етеді. Барлық басқа компания және өнім атаулары оларға қатысты тиісті компаниялардың сауда белгілері болуы мүмкін.

